



Дат лингвисті, тарихшы, профессор Вильгельм Томсеннің туғанына 181 жыл және көне түркі жазуын алғаш оқығанына 130 жыл толуына арналған
«В. ТОМСЕН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2023 жылдың 25 қарашасы

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции
«В.ТОМСЕН И СОВРЕМЕННАЯ ТЮРКОЛОГИЯ»
посвященной в честь 181 года со дня рождения датского лингвиста,
историка, профессора Вильгельма Томсена и к 130-летию со дня первого
чтения древнетюркской письменности.

Алматы, 25 ноября 2023 года

MATERIALS

International scientific and theoretical conference
"V. THOMSEN AND MODERN TURKOLOGY",
dedicated to the 181st anniversary of the birth of Danish linguist,
historian, professor Wilhelm Thomsen and the 130th anniversary of the first
reading of ancient Turkic writing.

Almaty, 25 November, 2023.

Алматы
«Қазақ университеті»
2024

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Д 18

Жалпы редакциясын басқарған:
филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж.Қ. Тұймабаев*

Ғылыми редакциясын басқарған:
филология ғылымдарының докторы, профессор *А.Б. Салқынбай*

Жауапты шығарушылар:
Ә.Ж. Әміров, Б.К. Каспихан

Д 18 Дат лингвисті, тарихшы, профессор Вильгельм Томсеннің туғанына 181 жыл және көне түркі жазуын алғаш оқығанына 130 жыл толуына арналған «В.Томсен және қазіргі түркітану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Алматы, 2023 жылдың 25 қарашасы). – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 230 б.

ISBN 978-601-08-3967-0

Жинаққа дат лингвисті, тарихшы, профессор Вильгельм Томсеннің туғанына 181 жыл және көне түркі жазуын алғаш оқығанына 130 жыл толуына арналған «В.Томсен және қазіргі түркітану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр. Кітап түркітану, қазақ тіл білімінің тарихы, көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, бір буынды түбірлердің семантизациясы, көне түркі тілі және қазіргі түркі тілдері мәселелерін зерделеп жүрген мамандарға, филология, тарих факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ISBN 978-601-08-3967-0

©Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

Петербургъ. Типографія императорской академіи наукъ. Вас. Остр., 9 лин., № 12. 1894.
http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/ZVORAO_8_1893_1894_33_tomsen.pdf

6. Radloff W. Vergleichende Grammatik der Nördlichen Türksprachen . Erster Theil. Phonetik Der Nördlichen Türksprachen . Leipzig, T.O. Weigel's verlag . 1882 . 318 p.
<https://menadoc.bibliothek.uni-halle.de/publicdomain/content/titleinfo/780488>

7. Сәдібеков А. «Орхон әліпбиі графемаларын дыбыстаудың оңтайлы нұсқасы». «Ахмет Ясауи университеті хабаршысы». №2 (128) 2023 жыл. 79-100 беттер.

ТАЛАС ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Каспихан Б.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, b.kaspikhan@gmail.com

Көне түркі жазба ескерткіштерін шартты түрде Орхон, Енисей және Талас ескерткіштері деп бөлсек, Талас ескерткіштері Қазақстан мен Қырғызстанда Талас өзені бойынан табылған. Қазіргі кезде 30-ға жететін бұл ескерткіштер Бішкек, Тараз, Алматы, Санкт-Петербургтағы музей қорларында сақтаулы.

Талас ескерткіштерін В.В.Радлов, А.Гейкел, Ю.Немет, С.Е.Малов, Х.Н.Орхун, А.М.Щербак, И.А.Батманов, Ч.Жумагулов, А.С.Аманжолов және т.б. ғалымдар оқып, зерттеу жүргізген [1, 215].

1896 жылы В.А.Каллаур мен Гастев Тараз қаласынан 8 км солтүстік-шығыстағы Айыртам-Ой шатқалынан Т 1 деп белгіленетін № 1 Талас ескерткішін тапқан. Ескерткіш мәтінін көптеген ғалымдар оқып көрген. Мәселен, С.Е.Малов тастағы жазуды оқып, былай аударған: «(1) Устроив свои владения (?); мое геройское имя Удун, от вас (я отделился т.е. умер). (2) Жена его в печали своей осталась вдовой. (3) Его младшие братья Кара-барс и Огул-барс. (4) в отношении своих товарищей (отделился)» [1, 216].

А.Аманжолов 1970-80 жылдары тасты бірнеше рет қарап шығып, орыс тілінде «(1) Мое посевное поле – на подветренной стороне. Геройское мое имя – Улун («Скверный»), Увы! (2) Его госпожа, жена, тогда его вдовой осталась. (3) Его младшие братья Кара-Барс и Огул-Барс (4) от него самого его друзьям (остались)» деген аудармасын ұсынады [2, 87].

А.Аманжолов Айыртам-Ой шатқалынан табылған Т 1 ескерткішімен қатар Т 2, Т 4, Т 8, Т 10, Т 13 ескерткіштерін де оқып, аударды. Өзінің алдында оқып, зерттеген ғалымдардың жіберген қателіктерін түзеп, соңғы нұсқаларын «История и теория древнетюркского письма» атты іргелі еңбегінде жариялайды.

Ғалым осы кітабында 1981 жылы қырғыз ғалымдарының Талас жазығындағы Куры-Бакайыр шатқалындағы жартаста салынған руникалық жазуды оқып, түсініктеме береді. Жартастағы руникалық жазу таутеке мен оған атылып бара жатқан екі барыстың суретінің астында жазылған.

Осы жазу туралы «Советская тюркология» журналының 1983 жылғы №3 санында Ч.Д. Джумагулов пен С.Г. Кляшторный «Вторая руническая надпись находится в нижней части той же скальной поверхности. Она написана в одну строку длиной 11 см, состоящую из пяти знаков высотой до 6 см и прочерчена неглубокими штрихами по неровной эрозированной поверхности. Дукт этой надписи иной, нежели дукт первой, и по палеографическим особенностям вторая надпись может быть отнесена к более позднему периоду бытования рунического письма (фото 3, рис. 3). Чтение: *šarγa*. Здесь фиксируется один из достаточно редких случаев передачи тюркским руническим письмом согдийского слова: руническое *šarγa* < согдийского *šrγw, šrwγ (šarγaw/šarγa)* ‘лев’, с закономерной утратой при адаптации в тюркском конечного билабиального *w*» деп жазады [3, 81].

Ал А.Аманжолов жоғарыда аталған зерттеушілердің пікіріне қарсы шығады. Ғалым «Руническая надпись из четырех букв, синхронные изображения горного козла и двух снежных барсов образуют единую композицию. Здесь, по-видимому, представлена сцена охоты с ручными барсами» дей келіп, руникалық жазуды көне түрік тілінде *asirya* деп оқып, «Асыра!» деп аударды [2, 94].

Жартаққа салынған жазудың Ч.Д.Джумагулов пен С.Г. Кляшторный жариялаған, А.Аманжолов жариялаған суретіне назар аударатын болсақ, шын мәнінде таутекеге екі жағынан атылайын деп тұрған барыстардың суреті мен жазуды көресіз. Салынған жартастағы сурет мазмұнына руникалық жазуды соғдыша «арыстан» деп оқыған зерттеушілер пікірі сәйкес келмейді, ал А.Аманжолов ұсынған «асыра» сөзі осы композицияның мазмұнын ашып тұр.

Алтай Аманжоловтың Талас ескерткіштері туралы зерттеулерінің ішінде тағы да бір назар аударарлық ескерткіш – Ашықтас таяқшасы. Ашықтас таяқшасын немесе Т 7 ескерткішін 1932 жылы Талас өзені бойындағы Ашықтас деген жерден геологиялық барлау кезінде И.Ф.Марниньян тапқан. Археолог М.Е.Массон 1933 жылы ағаш таяқшаны Мемлекеттік Эрмитажға тапсырады. Ағаш таяқшаға С.Е.Маловтан бастап, түрік ғалымы Х.Н.Орхун, түркітанушылар И.А.Батманов, Ч.Джумагулов, И.Л.Кызласов, А.М.Щербак және А.Аманжолов зерттеу жүргізген.

С.Е.Малов 1933 жылы қарап шығып, былай оқиды: (1) *Ayip ašu baš altim äb äšig...am idiš aču...* (2) *äg opa baš ačišip ayu igip inčip gnčup (?) sqmugč (?)* (3) *ayiltim na jazı ič ayiziñ aša ...ayıñ ed...* (4) *aču egiz ašu az* [4, 64].

Ғалым бұл сөздерді «(1) Поднявшись, я перевалил через вершину горы. Своих домашних товарищей.. . Теперь открывая сосуды... (2) Крайняя (на изгибе, на краю находящаяся) равнина (иди каменная насыпь, жертвенная гора камней). Помогая друг другу на новом пути через вершину горы и поднимаясь выше, огибая таким образом... (3) Я подошел; вот — равнина. Переваливая через внутреннее ущелье (устье горы), восхождение хор(ошо)... (4) Открывая (дорогу) и высоко переправляясь, немного...» деп аударды [4, 67].

С.Е. Малов бұл жазуды көне түрік тілінде жазылған деп тану үшін ұзақ ойланғанын айтады. Тек Тонькөк ескерткішінің мәтінінде бар *ашу баиш* тіркесі кездескеннен кейін сенімділігі артқан. Ғалым «Чтение и перевод памятника, сделанные мною, весьма и весьма предположительны. Здесь встречаются новые буквы с неизвестным для меня значением, а принимая во внимание вообще загадочность и ребусовидность небольших рунических надписей, — все вместе взятое определяет положение моего опыта перевода. Стало уже общим правилом, что первые переводы подобных небольших надписей, например на памятниках Енисея и Таласа, быстро забраковываются. Но как бы плохи эти переводы ни были, они все же помогают последующим ученым и приносят свою долю пользы... И если мой этот перевод не избежит обычной участи, то во всяком случае у меня здесь дается издание нового памятника, чтение которого по (фотографическому) воспроизведению здесь и по чертежу теперь является доступным каждому, желающему дать свой, более верный, чем мой, перевод, и последующий исследователь не пойдет вторично по моему пути и избежит моих ошибок» деп өз нұсқасын ұсынғанын, болашақта құпия таңбалардың сыры ашылатынына үмітпен қарайды [4, 68].

1940 жылы түрік ғалымы Х.Н.Оркун Ашықтас таяқшасындағы мәтіннің оқылуы мен аудармасының өз нұсқасын ұсынып жариялайды. Ч.Джумагулов өз еңбектерінде Маловтың аудармасы мен оқу нұсқасын көрсеткен. И.А. Батманов та транслитерациясына өзгерістер енгізіп, С.Е. Маловтың аудармасын жариялайды. И.Л. Кызласов «Рунические письменности евразийских степей» кітабында талас

таяқшасының талас таяқшасының ғалымдар ұсынған сызбаларын салыстырып, өз сызбасын ұсынады.

1971 жылы Г.Ф. Турчанинов «Памятники письма и языка народов Кавказа и Восточной Европы» еңбегінде таяқшадағы жазбаны ортағасырлық осетин (алан) жазуының бір түрі деп есептеген. Бұны Талас өңіріне келіп, түркі тайпаларының арасында тұрған бір осетин жазған болу керек деп жорамалдаған.

Ә.Х. Марғұлан осы таяқша туралы «Руна жазуын қиып түсірген ағаш қалақтың табылған жері Талас өзенінің басы, Қырғыз өлкесі, ескі заманда күкірт не ашутас қазып алатын Ачикташ деп аталатын кен орнынан табылған. Жазудың мазмұны жол жүргенде, жұмыс істеп жүргенде сыйынып, жалбарынатын тілектің бір түрі» деп жазып кеткен [5, 217].

С.Е. Малов жазудағы таңбалардың көнелігіне қарап, бұл жазуды VIII ғасырдан бұрын болмаса, кейін емес деп есептеген, ал А.М.Щербак оны X-XI ғасырдағы печенегтермен байланыстырады.

Егер де Алтай Сәрсенұлының бұрынырақта жазған еңбектеріне назар аударсақ, ғалым Талас таяқшасының сыры әлі ашылмаған, болашақта ғалымдар көне таңбалар бейнеленген таяқшадағы жазудың құпиясын ашатынын сенім білдірсе. Ғалымның соңғы шыққан еңбектерінде, мұқият зерттеу нәтижесінде 2002 жылы 14 наурызда өзінің оқу нұсқасын ұсынады: (1) *ayıran oz. altu äb anı...m d'nç* (2) *jurp' ačın ajuu ig. arin ančır inčir qatu iq...* (3) *ayilt abin. aj qačıy qačanıy anid* (4) *ačıy qašıuq* [2, 105].

Ғалым мұның «(1) Поднявшись вверх, избавляйся (от мучений ада)! Подготовься к «шести жилищам» (шести формам существования)!... (2) ...Раскройся (покайся) и расскажи (обязательно) о болезнях! Утешься, таким образом, всякий!.. (3) Заставь подниматься вверх (возноситься мыслями) и утешься! Расскажи об элементе сознания *qačıy* (в учении буддизма) и подготовь кагана! (4) Дарственная ложка (возможно, для совершения жертвенного окропления)» аудармасын ұсынады [2, 106].

Алтай Аманжолов Талас таяқшасындағы жазуды оқи отырып, ағаш таяқшаға ойылған жазу көне түркі руникасы мен будда ілімінің Орта Азиядағы терең тамырын толығымен айғақтайтынын айтады.

Талас таяқшасының қай кезеңге жататыны әлі толық анықталмаса да, таяқшадағы мәтін мазмұнындағы будда ілімінің ұғымдарының түркілермен байланысы туралы өзге де деректер бар. Ғалымдардың айтуынша, Түрік қағанатында Мұқан қаған буддизмді қабылдаған. Ал оның мұрагері Тобо қаған VI ғасырдың 70-жылдары Будда храмын салдырған. Қытай деректерінде Тобо қағанның будда ілімінің кітаптарын түрік тіліне аударуға Қытайға тапсырыс бергені айтылады. Деректерде «Нирвана-сутраның» түрік тіліне арнайы қаған үшін аударылғаны хабарланады. Алайда жаппай түркі халқы будда ілімін ұстанбағаны белгілі [6, 23].

Білге қағанның (716-734 ж.) да буддистік храм салмақшы болғанын, оған Тонькөктің қарсы болып, қағанға айтқан кеңесі туралы И.В. Стеблева былай деп жазады: «В начале VIII в. буддийский храм, а также храм Лао-цзы собирался построить Бильге-каган (годы правления 716-734), но отказался от этого намерения под влиянием своего советника Тоньюкука, который предостерегал кагана от попытки изменить привычный уклад жизни кочевника — строить оседлые крепости и защитные валы. Он считал также, что учение Будды и Лао-цзы делает людей миролюбивыми и слабыми, а не воинственными и сильными. Этот путь (т.е. принятие буддизма) не ведет к завоеванию власти, а значит, и не соответствует военно-политическим целям государства» [6, 24].

Сонымен қатар, будда дінінің орта ғасырларда Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда кең таралғанын будда ғибадатханаларының, монастырьларының табылуы дәлелдейді. Кездейсоқ табылған заттар ішінде үнді бұйымдары: буддалар мен будда

дініне тән алтын жалатылып, асыл тастармен ою-өрнек салынған қола және күміс мүсіншелері ұшырасады [7, 386]. Міне, осы деректердің барлығы Талас таяқшасын оқыған Алтай Сәрсенұлының тұжырымының дұрыстығын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.
2. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 368 с.
3. Джумагулов Ч.Д., Кляшторный С.Г. Наскальная древнетюркская эпиграфика в Таласском Ала-Тоо // Советская тюркология. – 1972. – № 5. – с. 78-82.
4. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.-Л., 1959. – 111 с.
5. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Том 13. – Алматы: Алатау, 2012. – 446 б.
6. Стеблева И.В. Жизнь и литература доисламских тюрков: историко-культурный контекст древнетюркской литературы. – М.: Вост. лит., 2007. – 208 с.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. Том 1. – Алматы: Атамұра, 1996. – 544 б.

ҒҰНДАРДЫҢ ӨРКЕНИЕТТЕГІ РӨЛІ

Еспенбетова А.М.,

т.ғ.к., аға оқытушы

Маратова Альбина Утемурадқызы,

тарих мамандығы, 3 курс студенті

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, Ақтөбе қ., albinamarat2801@mail.ru

IV ғасырдың екінші жартысында Шығыс Еуропада, нақтылай айтсақ Паннония жерінде (Венгрия) ғұндар деп аталатын тайпалар пайда болады. Қазіргі таңда тарих саласында ғұндардың өркениеттегі рөлін зерттеу өзекті болып отыр.

Ғұндардың өркениеттегі рөлі тарих ғылымы үшін өте маңызды. Олардың этникалық құрамы, этимологиясы, қай аймақтарда өмір сүріп, белгілі бір мәдениетін қалыптастыра отырып, қалай экономикалық, саяси және әскери демократиялық қоғамын құра білді. Ғұндардың тарихи аренада пайда болуы туралы XVIII ғасырдың француз ғалымы Дегиннің еңбектерінде ғұндар, түріктер мен моңғолдар тарихы туралы деректер жарық көрді. Ғұндар этникалық тұрғыдан моңғолдар, түріктер, славяндар (финдер) болды деп болжанған. Осы болжамдарды лингвистикалық деректер арқылы (қытай транскрипциясында сақталған ғұн сөздері талданды), археологиялық (скифтермен байланыс орнатылды), антропологиялық, ауызша және жазбаша дереккөздердің деректері тұрасында жасалынды. Ғұндардың этникалық құрамы бойынша төрт теория қалыптасты. Біріншісінің негізгі өкілдері: П.С.Паллас, Ф. Бергман, И.Шмидт, И. Баер, Н. Я. Бичурин, К.Нейман, Х.Хауорс; екінші өкілдер-Абель Ремуза, Ю.Г. Клапрот, Ф.М.Мюллер, Джирард де Риалл, В.В. Радлов, Н.А.Аристов, Ф.Хирт, И.Блейер, Л.Нидерле, Е. Паркер, Ф. Шварц, ішінара А.Джардо, К.Риттер. Үшінші теорияның жақтаушылары: М.Кастрен, Вивьен де Сент-Мартин, Уйфальви де Мезо Ковешд. Славян теориясын ұстанушылар қатарына А.Вельтман, Д.Венелин, Д.И.Иловайский, А.Погодин. Буржуазиялық ғалымдардың кейбіреулері (мысалы Ю. Клапрот) бір ғұндарды Орталық Азия ғұндары, ал екінші бір ғұндарды еуропалық ғұндар деп санады. Бұл теориялардың барлығын шетелдіктер ресми түрде бөлшектеді. Қытайлық "хунну" мен ежелгі "хунн" тайпалық атауының ұқсастығы осы екі халықтың бірегейлігін растау

МАЗМҰНЫ

Түймебаев Ж.Қ. Құттықтау сөз.....	3
---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Салқынбай А.Б. Түркі жазу мәдениетінің атасы – Йоллығ тегін	4
---	---

Назаров Н.А. Орхун ескерткіштері және түркі ойы: қатынас диалектикасы	10
---	----

Жұбай О. Қазақ тілі – көне түркі тілінің тұнық қалпын сақтаған тіл	15
--	----

Акынбекова А.У., Салқынбай А.Б. Молдо нияз акындын кол жазмаларындағы чағатай жазмасы	23
---	----

Васильева Н.Н., Аммосова И.В. Наречные синонимы в якутском языке	26
--	----

ПАНЕЛЬ №1

В.ТОМСЕН МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ПАРАДИГМА

Каспихан Б.К. В.Томсен – көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуші.....	31
---	----

Саткенова Ж.Б., Жапаркулова Н.А. Көне түркі ескерткіштер тіліндегі морфологиялық жүйе ерекшелігі.....	35
---	----

Бөшен А.Н. Көне жазба ескерткіштері тілінің синтаксистік құрылымы	36
---	----

ПАНЕЛЬ №2

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЖАҢА ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАР

Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралы қолданыстардың ерекшелігі	41
---	----

Қарабаева Х.Ә. Көне түркі бітігі ХХІ ғасырда: қазақ топырағында қайта түлеу.....	45
--	----

Сәдібеков А.К. Орхон әліпбиін үйретуде қолданылатын оңтайлы жүйе	48
--	----

Каспихан Б.К. Талас ескерткіштерінің зерттелуі.....	52
---	----